

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 331 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір
жарлықтарына Қазақстан Республикасы Орталық
сайлау комиссиясының мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы 14-бабының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы 7-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 11 қарашадағы N 3205 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 44, 424-құжат):

кіріспеде "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Конституциялық заң күші бар Жарлығының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Конституциялық заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережеде:

мәтіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар

Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығы", "Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына", "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы", "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округтерін құрады, олардың бірыңғай нөмірлерін белгілейді және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды;" ;

5) т а р м а қ ш а д а :

"іс-әрекетіне" деген сөзден кейін "әрекетсіздігіне" деген сөзбен толықтырылсын;

"саяси партиялардың өкілдерімен сайлауларды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді; сайлау жүйелері саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;" деген сөздермен толықтырылсын;

6) т а р м а қ ш а д а :

"оларды жасау тәртібін," деген сөздерден кейін "сондай-ақ қорғалу дәрежесін," деген сөздермен толықтырылсын;

"дауыс беруге арналған жәшіктер мен" деген сөздер "мөлдір материалдан жасалған, дауыс беруге арналған жәшіктердің нысанын және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Президентті және Парламент пен мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерін дайындауды қамтамасыз етеді;" деген сөздермен толықтырылсын ;

8) т а р м а қ ш а д а :

"адамдары мен бастамашыл топтарын" деген сөздер "адамдарын" деген сөзбен ауыстырылсын ;

мемлекеттік тілдегі мәтінде "хабар" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

9) тармақша ", ақпарат бюллетенін мерзімді шығарып тұрады;" деген сөздермен толықтырылсын ;

14) тармақшада ", сондай-ақ Конституцияның 51-бабының 2-тармағына сәйкес олар қайта сайланған жағдайда Сенат депутаттарының сайлауын" деген сөздер алынып тасталсын ;

16) т а р м а қ ш а д а :

"органдарының мүшелерін" деген сөздер "органдарын" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"олардың қызметіне" деген сөздер "олардың қызметінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының бұзылуы анықталған кезде тиісті сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;" ;

мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2), 17-3), 17-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) Орталық сайлау комиссиясының ресми web-сайтына сайлау заңдары жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сайлауды тағайындау мен өткізу туралы, сондай-ақ өткен сайлаудағы дауыстарды есептеу нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады ;

17-2) Қазақстан Республикасының сайлаушы азаматтарының бірыңғай электрондық тіркеу тізілімін жүргізеді ;

17-3) электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып сайлау өткізу кезінде тиісті сайлау комиссияларының мүшелерін оны қолдану бойынша оқытуды жүргізеді ;

17-4) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты сайлауда электрондық сайлау жүйесін пайдалану бойынша оқытуды ұйымдастырады;" ;

18) және 19) тармақшалар алынып тасталсын ;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын :

"22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады . " ;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"16. Орталық сайлау комиссиясының аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет өткеруінің шарттары мемлекеттік қызмет туралы, еңбек туралы заңдарда, осы Ережеде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді." ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 4, 48 - құжат) :

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде:

В санаттарының тобында :

тақырыбы "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты" деген сөздермен толықтырылсын ;

В-3 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі";

С санаттарының тобында :

С-4 және С-5 санаттарында "Орталық сайлау комиссиясының," деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

С-7 санатында "Орталық сайлау комиссиясының референті" деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК